

Қызылорда облысының Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының Әділет басқармасы
20 16 ж. « 09 » маусым
**ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ**
БИН № 020340001339
Күелік 22-1933-04-ММ
Алғашқы тіркелген күні 2002 ж. « 20 » 03.

**«Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала
құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы «26» сәуірдегі
№ 233 қаулысымен бекітілген

**«Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Қармақшы ауданы аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында әрекет ететін, Қазақстан Республикасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, басқа нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ әрекеттегі Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгіде бланкісі, Қазынашылық бөлімінде шоты бар.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынасқа өз атынан кіріседі.

5. Бөлім заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, азаматтық-құқықтық қатынастар жағында мемлекеттің атынан болып шығуға құқығы бар.

6. Бөлім заңнамасымен белгіленген тәртіпте, бөлімнің басшысымен рәсімделген бұйрықтарымен өз құзырет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.


7. Бөлім штаттық санының құрылымы мен лимиті әрекеттегі заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120500, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі, № 44.

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Әрекеттегі Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қармақшы аудандық жергілікті бюджетінің қаражатынан жүзеге асырылады.



12. «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Егер «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Коммуналдық мемлекеттік органның мақсаты, негізгі міндеті, функциялары, құқықтар мен міндеттері

14. «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мақсаттары:

1) Қармақшы ауданының аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру.

2) Құрылыс саласында халықтың энергетикалық ресурстарымен және ауыз сумен қамтамасыз етуді, тағы да басқа құрылыс нысандарын салуға мемлекеттік саясаты жүзеге асыра отырып, жергілікті бюджеттің орындалуын, қадағалау бюджеттік есептілікті жүргізу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті орындау.

15. Негізгі міндеттері:

1) Мақсаты мен талаптарды жүзеге асыру үшін бөлім бюджеттік қаржы есебінен қаржыландырылған ауданның құрылыс саласында, энергетикалық ресурстар, ауыз сумен қамту және тағыда басқа құрылыс нысандары бойынша орындау;

2) белгіленген аумақта құрылыс, сәулет және қалақұрылысы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

3) жергілікті атқарушы органдарға құрылысқа қатысты ұсыныстарды дайындау;

4) халықты энергетикалық ресурстармен және ауыз сумен қамтамасыз ету, басқа да құрылыс нысандарын салу мақсатында бюджеттік бағдарламаларды дайындау және орындалуын жүзеге асыру;

5) белгіленген тәртіпте мемлекеттік құрылыс, жобалық және басқада жұмыстардың сатып алынуы бойынша ашық конкурстар өткізу;

6) әр түрлі келісім – шарттар жасау, сонымен қатар құрылыс келісім – шарттары;

7) белгіленген тәртіпте салынып жатқан объектілерде техникалық бақылау жүргізуге тұлғаларды тарту;

Қызылорда облысының
Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы
Жарғы (өреже) ТЕКСЕРІЛДІ

8) ауданның құрылыс тарапынан, энергетикалық ресурстар мен ауыз сумен қамту және басқа да нысандарды құрылыстың жүзеге асуына жалпы бақылауды бекіту;

9) Қармақшы аудандық аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді атқару.

16. Функциялары:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауданның ауылдық елді мекендерінің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер береді;

3) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыруды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлейді;

5) аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну бойынша ұсыныстар әзірлейді;

6) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын іске асырады;

7) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді;

8) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

9) «Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертумен байланысты қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету; *(стандарт пен регламентке сәйкес, бекітілу үстінде).*

10) «Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету; *(стандарт пен регламентке сәйкес, бекітілу үстінде).*

Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы
Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

11) Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12) Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі тарапынан энергетикалық ресурстар мен ауыз сумен қамту және басқа да нысандардың құрылыс бітуіне байланысты пайдалануға қабылдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

13) Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс тарапынан, энергетикалық ресурстар мен ауыз сумен қамту және басқа да нысандардың құрылысы бітуіне байланысты пайдалануға қабылдау бойынша жұмысшы және мемлекеттік қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу;

14) Құрылысы жүргізіліп жатқан және құрылысы жоспарланған нысандардың және кешендердің мониторингін жасау;

15) Бөлінген бюджеттік қаржының қатаң есебін жүргізу, бақылау және мақсатты жұмсауын қамтамасыз ету;

16) Әртүрлі семинарлар, көрмелер басқа да іс-шараларға қатысуға және ұйымдастыруға;

17) Белгіленген тәртіпте шетел және басқа да инвестицияларды тарту жұмыстарына қатысу;

18) «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету; *(стандарт пен регламентке сәйкес, бекітілу үстінде)*

19) «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету; *(стандарт пен регламентке сәйкес, сәуір-мамыр айларында бекіту жоспарлануда).*

20) Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру және өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау; *(ҚР №508 жарнама туралы заң 19.12.2003 ж.17-2-бап.).*

21) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жарнама қызметінің мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау; *(ҚР №508 жарнама туралы заң 19.12.2003 ж.17-2-бап.).*

22) сәулет-қала құрылысы кеңесінің қызметін ұйымдастыру; *(ҚР №148 заңы 23.01.2001 ж. 31-бап. 1 т. 17 тар).*

23) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз ету; *(ҚР ҚжТҮКІША мен ҚР ҚжКМ бірлескен бұйрық 2012 жылғы 27 маусымдағы №278 және 2012 жылғы 20 маусымдағы №378).*

24) аудан аумағында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдарының жұмысына жәрдемдесу;

Қызылорда облысының
Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы
Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

25) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану; (ҚР №271-IV Заңы 29.04.2010. 6-бап 2 т. 8 т-ша)

26) жеке және заңды тұлғалардың Бөлімге жолдаған өтініштерін қарау, олардың орындалуын бақылау, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беру; (ҚР №221 заңы 12.01.2007 ж.)

27) жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру; (ҚР №221 заңы 12.01.2007 ж.)

28) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асыру; (ҚР №148 заңы 23.01.2001 ж. 33-бап. 1 т. 13 тар-ша).

29) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру. (ҚР сәулет заңы 16.07.2001. 26-бап 17) тармақша).

17. Құқықтар мен міндеттер:

1) Аудан әкімі мен әкімдігінің нормативтік – құқықтық актілерінің жобаларын дайындау жұмысына қатысу;

2) Құрылыс мекемелері бойынша басқа да мемлекеттік органдардың мамандары қатысуымен уақытша, тұрақты жұмысшы топтарды, комиссияларды ұйымдастыруға;

3) Аудан басшылығына және коллегиялық органдарға бөлім жұмысын дамыту туралы ұсыныстарды енгізуге;

4) Бөлім өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, мәжілістер өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

6) Бөлім:

Заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

Қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

Қызылорда облысының
Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы
Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде аудан әкімі мен жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

3) «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлім» комуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады

4) Бөлім қызметшілерін заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды дайындауға қатысады;

6) бөлім қызметшілеріне заңнамада белгіленген тәртіппен жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

7) бұйрықтарға қол қояды;

8) Бөлім атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

9) шарттар жасасады;

10) сенімхаттар береді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

12) Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) аудан әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Бөлім қызметкершілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) Қазақстан Республикасы қызметшілерінің әдеп Кодексі нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бөлімнің жұмыс тәртібі:

1) Бөлім дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

Қызылорда облысының
Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

2) Бөлімнің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Бөлім сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

22. Ережеде бөлім мен аудан әкімдігінің, бөлім мен тиісті саланың уәкілетті органның, бөлімнің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Бөлімге бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлім таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының
Әділет департаментінің
Қармақшы ауданының
Әділет басқармасы
Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

Тігілген, нөмірленген
_____ парақта
«Қармақшы ауданы әкімінің
аппараты»

« » _____ 2016 жыл
_____ Б.Шерниязов

